

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 тамыз N 1093

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлау туралы" 2001 жылғы 23 маусымдағы N 633

U010633_

Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950

P001950_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 627-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар" ішкі функциясында:

690 "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы" әкімшісі бойынша:

30 "Сайлаулар өткізу" бағдарламасында:

32 "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды өткізу" кіші бағдарламасындағы "26 925" деген сан "17 492" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"34 Ауылдық (селолық) округтердің,

ауылдардың (селолардың),

кенттердің әкімдерін сайлауды өткізу 9 433";

2) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" ішкі функциясында:

690 "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы" әкімшісі бойынша:

30 "Сайлаулар өткізу" бағдарламасы мынадай мазмұндағы кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"34 Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлауды өткізу Іс-шаралар".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.